

Қызылорда және Қарағанды облыстары арасындағы жер қатынастарын реттеудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 22 ақпандағы № 108 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 13-бабының 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің, Қызылорда және Қарағанды облыстары әкімдерінің осы қаулының қосымшасына сәйкес Қарағанды облысы Ұлытау ауданының аумағындағы жалпы алаңы 2 210,9 мың гектар жерді Қызылорда облысының ұзақ мерзімді пайдалану мерзімін 2025 жылға дейін ұзарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 2

а қ п а н д а ғ ы

№ 1 0 8

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қарағанды облысы Ұлытау ауданының аумағындағы Қызылорда облысының ұзақ мерзімге пайдалану мерзімі 2025 жылға дейін ұзартылатын жерлердің экспликациясы

Ж е р пайдаланушының атауы	Ж е р учаскелерінің орналасқан жері	Жалпы алаңы, гектар	Оның ішінде:				
			жайылым	су астында	алаң, жол, көше астында	кұрылыс астында	өзге де жерлер
Қызылорда облысы	Қарағанды облысының Ұлытау ауданы	2210900	1968445	144	559	24	241728